

MS
DCS




Жоспар:

- 1. MS DOS ЖӘНЕ NORTON COMMANDER
- MS DOS операциялық жүйесінің негізгі мінездемесі.
- 2. MS DOS-та каталогтармен жұмыс.
- 3. COPY – файлдың көшірмесін алу командасы.
- 4. COPY CON – мәтіндік файл құру командасы.
- 5. MSDOS-та дискілермен жұмыс.
- 6. NСпрограммасына жалпы түсінік.
- 7. Norton Commander: каталогтармен , файлдармен және файлдармен жұмыс

- MS DOS операциялық жүйесін 1981 ж. Microsoft фирмасы IBM PC компьютерлері үшін IBM фирмасының тапсырысымен дүниеге әкелді. DOS – дискілік операциялық жүйе.
- MS DOS операциялық жүйесі пайдаланушылармен компьютер арасындағы байланысты орнатуға, компьютердің құрылғысынан өнімді пайдалануға жағдай жасайды. MS DOS операциялық жүйесі келесі бөлімдерден тұрады:
- 1.Енгізіп шығарудың базалық жүйесі (BIOS) – енгізіп-шығару құрылғыларының жұмысын тексеретін программаларды қамтиды. Бұл программалар компьютердің тұрақты жадында сақталады.
- 2.Жүйелік файлдар (BIO.SYS, IO.SYS, MSDOS.SYS) – BIOS жүйесінің жұмысын толықтырушы бөлім. Ол сыртқы құрылғылар мен информацияны алмастырудың барлық операцияларын да орындайды.
- 3.COMMAND.COM – қолданушының программалары мен берілгендерді жадқа енгізу және оларды өңдеу.
- 4. CONFIG.SYS – үйлестіруші программа. Оның қызметі – жаңадан қосылатын сыртқы құрылғылардың драйверлерін MS DOS-қа қосу, орыс, қазақ әріптерін пайдалану, пернетақтаның функционалды пернелерімен және виртуалды жадпен жұмыс істеуін ұйымдастыру.
- 5.AUTOEXEC.BAT – шақыру символын экранға шығару, қажетті программаны каталогтан іздеу, ағымдық ай, күн және уақытты көрсету.

- MS DOS-та каталогтармен жұмыс.
- Дискідегі файлдар саны көп болған жағдайда олармен жұмысты жеңілдету үшін ерекшеліктеріне қарай топтарға біріктіруге болады. Әрбір топтың өз аты болады және ол каталог деп аталады.





- Мысалы:
- Каталогтың қосымша бөлігі болмайды. Каталогтың ішіндегі файлдың жазылуы: Basic
- Басқа каталогтың ішінде орналасқан каталог ішкі каталог деп аталады.
- MS DOS операциялық жүйесінде каталогтармен жұмыс істеу командалары:
- 1.MD (Make Directory – каталог құру) – жаңа каталог ашу командасы. Мысалы,
 - 1)MDVSTUD – STUD атты жаңа каталог ашу.
 - 2)Md XXX – XXX ішкі каталогын ағымдағы каталогта құру;
 - 3) Tekst A дискісінің негізгі каталогында Tekst ішкі каталогын құру.
- 2.CD (Change directory – каталогты өзгерту) – каталогтың ішіне кіру командасы. CD. – түрінде берілсе ағымдағы каталогтан шығу командасы.

Сору соп– мәтіндік файл құру командасы.

- Мысалы, Сору соп–мәтіндік файлын құру командасы. Бұл команданы енгізгеннен соң файл текстін қатарларға жазуға болады. Әр қатар біткен соң Enter пернесін басу қажет. Соңғы қатарды теріп болғаннан соң F6 пернесін, сонан соң Enter пернесін қайта басу керек. Сору командасы
- 1. file(s) copied-деген хабарлама шығарады және дискіңізде осы атпен файл пайда болады.
- 2. REN – файлдың атын өзгерту командасы.

COPY –

файлдың көшірмесін алу командасы.

- Мысалы, COPYV kin 1.bas V tab 1.bas – kin 1.bas файлының көшірмесі tab 1.bas файлында шығады.
- 4.DEL – файлды жадыдан өшіру командасы.
- Мысалы, DEL V kin 1. bas – kin 1.bas атты файлды жадыдан өшіреді. Del *.bas – қосымшасы bas болған барлық файлдарды жадыдан өшіреді.
- 5.MOVE – файлдарды екінші бір каталогқа көшіру командасы. Команда форматы:
- MOVE (/Y) файл – аты каталог – аты
- Бір файлды екінші бір каталогқа көшіру барысында файл атын өзгертуге болады. Команда форматы:
- MOVE (/Y) файл-аты (дискковод\ (жол) файлдың жаңа аты
- Егер ауысатын каталогтың ішінде осы аттас файл бар болатын болса, оны автоматты түрде соңғы файл атына өзгертеді.


```
C:\>command
```

```
Microsoft(R) MS-DOS(R) Version 4.01  
      (C)Copyright Microsoft Corp 1981-1988
```

```
C:\>ver
```

```
MS-DOS Version 4.01
```

```
C:\>dir command.com
```

```
Volume in drive C is DOS  
Volume Serial Number is 2432-07DC  
Directory of C:\
```


```
COMMAND  COM      37557 12-19-88  12:00a  
          1 File(s) 495624192 bytes free
```

```
C:\>_
```

- Жүйелік дискет жасау үшін: жүйелік файлдарды дискіге көшіру қатарын белгілеу қажет. Жүйелік дискет – операциялық жүйе жүктелетін, жүйелік файлдар жазылған дискет. Жүйелік файлдар құрамына — COMMAND.COM, IO.SYS, MSDOS.SYS, TOEXEC.BAT және CONFIG.SYS файлдары кіреді.
- Дискетті көшіру үшін MS DOS ОЖ-де DISKCOPY командасы қолданылады. Команда форматы:
- Командадағы бірінші параметрде көшірілетін дискжетек көрсетіледі. Екінші параметрде материал көшірілетін дискжетек көрсетіледі.

NC программасына жалпы түсінік.

- .
- MS DOS жүйесінің командаларымен жұмыс істеуді жеңілдетуге арналған түрлі жүйелік программалар бар. Олардың ішінде жиі пайдаланылатын NC пакеті. NC жетекші программа.
- Бұл программаның негізін 1992 жылы П. Нортон құрған. Бұл программа жүктелгенде экранға көк түсті екі терезе шығады .Оның орындайтын іс–әрекеттері файлдармен және каталогтармен жұмыс істеуді жеңілдету.
- Терезелерде файлдардың және каталогтардың аттары орналасады. Олардың қажеттісін курсор немесе тышқан бағыттаушысы арқылы таңдап алу мүмкін. Бір терезеден екінші терезеге <Tab> пернесі арқылы өтуге болады.



Norton Commander: каталогтармен , файлдармен және дискілермен жұмыс.

- F7 – жаңа каталогты құру командасы. Құрылған каталогтың ішінде ішкі каталог құру үшін де F7 функционалдық пернесін басу қажет. NC-те Create the directory (Каталогты құру) деген сұхбаттық терезе шығады. Каталог атын жазып Enter-ді басу қажет. Егер каталогты құру мүмкін болмаса NC- те Can't create directory (Каталогты құру мүмкін емес) деген хабарлама шығады. Каталаогты құру мүмкін емес жағдайлары:
 - 1.Каталог атының дұрыс берілмеуі;
 - 2.Дәл осы атпен файл немесе каталогтың болуы;
 - 3.Ағымдағы дискіде орынның болмауы.

C:\PROGRAM FILES\MEDIA MACHINES

C:\↓	Name	Size	Date
..	▶UP--DIR◀		09.03.15
FLUX	▶SUB-DIR◀		09.03.15
FluxStudio_2_1	▶SUB-DIR◀		09.03.15
thumbnails	▶SUB-DIR◀		09.03.15
..	▶UP--DIR◀		09.03.15 21:38

Info

The Norton Commander, Version 5.51
1 July 1998

655 360 Bytes Memory
560 480 Bytes Free

2 147 155 968 total bytes on drive C:

2 147 155 968 bytes free on drive C:

0 files and 4 directories

use 0 bytes in

C:\PROGRAM FILES\MEDIA MACHINES

Volume Label : NO NAME

Serial number: 3E53:10FE

No "dirinfo" file in this directory

C:\PROGRAM FILES\MEDIA MACHINES>

1Left 2Right 3Name 4Exten 5Time 6Size 7Insort 8Sync 9Print 10Split

Қорытынды.

- MS-DOS операциялық жүйесі.
- Операциялық жүйе – компьютер құрылғыларының үздіксіз жұмыс істеуін ұйымдастырушы және түрлі командаларды орындауы арқылы пайдаланышының машина жұмысын басқаруына жеңілдік келтіруші жүйелік программалар. Оның негізгі қызметі – программалардың бір – бірімен және сыртқы құрылғылармен өзара әрекетін ұйымдастыру, оперативті жады бөлу, компьютердің жұмыс істеу кезінде қате жіберілу сияқты түрлі оқиғаларды анықтау, дискіні жұмыс істеуге дайындау, монитор мен принтердің жұмыс істеу режимдерін орнату, пайдаланушының программасын іске қосып, оны орындау т.б.. Яғни ОЖ – машина жұмысын басқаруға толық жеңілдік беретін жүйе. Ол осы үшін арналған иілгіш не қатты магниттік дискіге жазылып қойылады. Сондықтан ОЖ – ны дискілік операциялық жүйе (ДОЖ, не DOS) деп те атайды.